

**ИНТЕГРАЦИЯДАН
ИНКЛЮЗИЯҒА:
ИНКЛЮЗИВТІ МӘДЕНИЕТТІ
ҚАЛАЙ ҚҰРУҒА БОЛАДЫ?**





*«...мүмкіндігі шектеулі
азаматтарымызға көбірек көңіл
бөлу керек. Олар үшін Қазақстан
кедергісіз аймаққа айналуға тиіс –
бұл өзіміздің және қоғам
алдындағы біздің парызымыз»
Н.Ә.Назарбаев*





Мақсаты:

➤ *жеке тұлғаның әлеуметік өзіндік танымға қабілеттілігі және оның бағытталуы, қызығушылығының қалыптасуы мен дамуы, оқыту іс-қызметіндегі негізгі білімділік және біліктілік дағдыларын үйрену үшін жағдай жасау*





*Мүмкіндігі шектеулі балалар –
қалыптасқан тәртіпке сай дәлелденген,
туа, тұқымқуалаушылық, жүре немесе
замқымдардың нәтижесінде пайда болған
аурулардың себебінен өмірлік
іс-әрекеттерінде шектеулері бар,
физикалық және (немесе) психикалық
кемістіктері бар он сегіз жасқа толмаған
балалар.*





Инклюзив деген не?

Инклюзивті білім беру дегеніміз-барлық балаларды,соның ішіндегі мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге,жынысына ,шығу тегіне,дініне жағдайына қарамай,балаларды айыратын кедергілерді жоюға,ата-аналарын белсенділікке шақыруға,баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау





*Инклюзивті орта
мәдениетін қалыптастыру
дегеніміз - Білім беру
ұйымындағы әрбір адамның
өзіндік ерекшелігін,
әртүрлілігін құрметтеуге
дәріптеу, жағымды мектеп
қоғамдастығын құру,
инклюзивті
құндылықтарды қабылдау,
инклюзивті орта
мәдениетін
қалыптастыру.*





Осылайша білім беру ұйымдарында инклюзивтік мәдениетті қалыптастыру – инклюзия құндылықтары мен идеологиясын қабылдауды қалыптастыру негізге алынатын, қиын әрі қарама-қайшылықты процесс, сонымен қатар білім беруде инклюзивтік тәсілдердің артықшылығын түсіну, инклюзивтік мектептің құндылықтарын мектеп әкімшілігі арасында ғана емес, педагогтер, оқушылар мен ата-аналар, жалпы мектеп қоғамдастығына қатысушылар арасында ашып көрсету. Бұл процесс педагогикалық ұжымды ақпараттандырудың жоғары деңгейін, мектепті дамытудың инклюзивтік жоспарын жасақтауды, арнайы педагогикалық кеңестер мен оқушылар арасында сабақтар өткізуді ұйғарады. Мектепте инклюзивті мәдениетті қалыптастыру жұмысының басты бағыты – әр оқушыны өз мүмкіндігі шегінде қабылдау және ерекше жылы атмосфера қалыптастыру болып табылады. Инклюзивті білім беру үдерісіне қатысушыларға жағымсыздық тудырмайтын, бейтарап терминология мен тілді қолдану маңызды.



Инклюзивті мәдениеттің негізгі үш аспектісі

Білім беру ұйымдарындағы әрбір адамның өзіндік ерекшелігін, әртүрлілігін құрметтеу, білім берудің кез келген субъектісіне қолайлы, жағымды мектеп қоғамдастығын құру, инклюзивті құндылықтарды қабылдау инклюзивті мәдениетті қалыптастырудың негізін құрайды.



A close-up photograph of two hands, palms facing each other, with fingers slightly curled to form a heart shape. The hands are positioned in the foreground, and a bright, glowing sun is visible through the heart-shaped opening. The sun's light creates a strong lens flare effect, with rays of light radiating outwards and a warm, golden glow filling the scene. The background is a clear blue sky. The overall mood is one of warmth, love, and gratitude.

“Назарларыңызға рахмет”